



Кітапханалық педагогика: мән-маңызы, өзіндік сипаты және ерекшелігі

Кітапханатану көрнекті педагогиканың қыр-сырына барынша қол жеткізіп, көптеген теориялық ережелерді, педагогикалық принциптер мен әдістәсілдерді өзіне қабылдады. Сонымен, кітапханатанудағы негізгі мәнмағына кітапханалық қызмет көрсету процесстері, бұдан бөлек, педагогикалық процесстің де болатыны туралы ережеге ие болды. Кітапханалық қызмет көрсету теориясында негізге алынатын мән-мағына оқырмандардың ақпараттық сұраныстарын қанағаттандыру барысында олармен жеке тіл табысу принциптерінің шығу тегі бойынша педагогикалық қағидаттарға ие.

Зерттеушілер кітапханалық педагогиканы кітапханатану құрылымындағы дербес тармағы ретінде дәлелдейді, мұны педагогикалық ғылым-білімге қатысты кітапханатанудағы шығармашылық ассимиляцияның маңызды нәтижесі деп санайды. Сонымен, кітапханалық педагогика оқырмандармен кітапханалықбиблиографиялық және ақпараттық жұмыс жасаудағы педагогикалық негіздерді зерделейді деп дәйекті түрде есептеледі және педагогика мен кітапханатану бойынша ғылым-білімнің синтезі ретінде көрініс алады. Алайда, мұндай жағдайда, ғылымның осы секілді саласын нақ сол кітапханатануды алдыңғы қатарға қоя отырып, педагогикалық кітапханатану деп атауға алып келеді. «Кітапханалық педагогика» атауы, әлбетте, педагогика ғылымының бір саласы туралы сөз етіліп жатқанын меңзейді.

Кітапханалық педагогиканың басты мақсаты – кітапханалық, библиографиялық дербестікке тәрбиелеу, құжаттарға кірістірілген ақпараттарды қабылдап, оларды саралауға бейімделу. Оның теориялық негіздерін әзірлеуге кеңес кезеңіндегі кітапханатанушылар мен мектептен тыс білім беру теоретиктері айтарлықтай үлестерін қосты (В.П. Бахтерев, В.А. Зеленко, М.А. Корф, Е.Н. Медынский, Н.Ф. Федоров, Н.А. Рубакин, т.б.).

XX ғасырдың басында Н.А. Рубакин өзіндік тәжірибесі барысында «Оқу – бұл тек бастама, ал өмір шығармашылығы – бұл нағыз мақсаттың өзі», – деген ой қорытты. Н.А. Рубакиннің «Практика самообразования» атты кітабы «оқырмандардың жеке-дара

ерекшеліктеріне қарай өздігінен оқыту жүйесін құру тәжірибесіне» айналды. Кітапта оқырмандарға келесідей тәжірибелік кеңестер берілген: қалай оқу керек, кітаптан қажеттіні қалай іздестіреміз, ғылым, публицистика және беллетристикалар бойынша қалай оқимыз, т.б.. Жұмысқа білім берудің басты салалары бойынша 586 кітаптың сипаттамасы қоса берілген. Реферативтік үлгідегі аннотациялар көлемі қысқаша, соған қарамастан кітап туралы мазмұнды әрі айқын түсінік берілген. Бұл сипаттамалар құрылымдық тәсілі бойынша қазіргі күнге дейін бүгінгі библиографтар үшін құнды әдістемелік құрал болып отыр. Кітаптанушы Н.А. Рубакин әрдайым өзінің мақалаларында мынаны қайталайтын: «Кітапхана педагогикалық мекемеге айналуы тиіс әрі қоғамдық-ағартушылық рөлді иеленуі де мүмкін».

Әрі қарай ғылымның осы саласына деген қызығушылық біресе күшейді, біресе бәсеңдеді. Белгілі кітаптанушы Н.М. Сомовтың жазуынша: «Кітапханалық педагогика кітапханадағы мәдени-ағарту жұмыстарының әдіс-тәсілдерін сипаттайды әрі бұған қатысты кітапты селқостықпен еріксіз түрде жеткізушіге қарағанда оқу жолында белсенді жетекші болуы тиіс кітапханашының рөлін айқындайды».

XX ғасырдың басында «кітапханалық педагогика» термині кітапханатану мен педагогиканың түйіскен тұсындағы интегралды ғылыми пән іспетті сипаттау үшін пайдаланылды. Кітапханалық педагогиканың мән-маңызы оқуға жетелеу, үздік кітаптарды ұсыну, оқығанды пайдалануға әрі меңгеруге көмектесу жолымен оқырмандарды тәрбиелеуде көрініс алады.

Сонымен қатар, ғылым мен оқу істері салдарынан кітапханалық педагогиканы оқуды басқару теориясы алмастырды. Негізінде, сол себептен 30 жылдары кітапханалық педагогика оқуға жетелеу процесінде кітапханашы тарапынан авторитарлық мәндегі ерекше зерттеме мәлімделді, мұндағы негізгі құралдардың біріне тиісті үлгіде құрастырылған ұсыныстық библиография жатады. Жетпісінші жылдарға дейін бұл процесстегі ықпалдасу нысаны оқырман болған болса, сол оқырманның ақпараттық және педагогикалық әлеуеті, оның қызмет көрсету жүйесін реттейтін әсері елеусіз ғана ескеріледі. Жетпісінші жылдардың басында кітапханалық педагогика мәселелерін зерделеуді Ю.В. Григорьев, Л.В. Беляков, А.Я. Айзенберг, В.И. Терешин сынды педагог-ғалымдар жалғастырды.

2007 жылы ресейлік зерттеуші А.Н. Ванеев жоғарыдағы түсінікке мынадай анықтама берді: «Библиотечная педагогика – междисциплинарный раздел библиотековедения, формирующийся на основе его синтеза с педагогикой. Предмет библиотечной педагогики – педагогические аспекты библиотечной деятельности». Әрі қарай автор қазіргі кезеңдегі кітапханалық педагогиканың оқырманның көбінекөп мақсатты әрі тиісті білім мен ақпаратқа қолжеткізуіне қолдау көрсете отырып, кітапханадағы барлық қызметтерге қатысты болатынын, барлық кітапхана – бұл пайдаланушыларға білім мен тәрбие беруге бағытталған педагогикалық жүйе екендігін алға тартқан пікірлердің басымдығын атап өтеді. Осыған сәйкес, кітапханалық педагогика тікелей кітапханалық қарым-қатынас барысында да, жанама түрде, кітапханалық қорларды қалыптастыру арқылы да сан алуан әдіс-тәсілдер мен сан түрлі үлгілерде жүзеге асырылуда.

Белгілі ғалым А.Н. Ванеевтің пікірінше, қазіргі кітапханалық педагогиканың маңызды принципі – кітапханалық-педагогикалық процесстегі оқырман (пайдаланушы) мен кітапханашының тең құқылы серіктестігі. Сонымен бірге, кітапханашы кітапханадағы оқырманмен жеке-дара жұмыстарды ұйымдастырушы-педагог ретінде танылды. Әрі қарай А.Н. Ванеев мектеп педагогикасынан кітапханалық педагогиканың ерекшелігі кітапханалық қарым-қатынас қай жағынан да ерікті субъектілер негізінде жүргізілетіндігін айтады: «Кітапхана пайдаланушыларының демалыс, ақпараттық және білім берудегі қажеттіліктерін қанағаттандырумен қатар, педагогикалық жағынан жүйелі жетілдіру де маңызды».

Осы және өзге де кеңістікте кітапханалық педагогика барлық түрдегі және үлгідегі кітапханалар қызметінде жүзеге асырылады, әсіресе, балалар, жасөспірімдер, мектеп кітапханаларында және көпшілік кітапханаларда жанжақты жүргізіледі. Ресейде, мәселен, кітапханашылардың өз қызметтеріндегі педагогикалық аспектілерге деген мүддесі 2011 жылы ерекше күшейді, нақ сол кезеңде мектеп кітапханашыларына «педагог-кітапханашы» деген мәртебе берілген еді. Кітапханашы кәсібінің педагогикалық мәні маңызы балаларға қарай оның атауының өзіне енгізілді, нәтижесінде осы аспектінің негіздері іздестіріле бастады.

Ғылым әрі тәжірибелік қызмет саласы ретіндегі педагогика әлеуметтік топқа қатысты әрі гуманитарлық білім беру жүйесіне кірістіріледі, өйткені ол тікелей адамға қатысты. Бұл сала мамандарды педагогикалық ойлау логикасына, педагогикалық процесстерді ұйымдастыру әдістемесіне, педагогикалық шеберлік техникасына қаруландыруға шақырады. Кез келген іс-қимыл іспетті педагогика да жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынастарға байланысты болады, сондай-ақ объективтік және субъективтік, жалпы және жеке-дара, қажетіне қарай кездейсоқ, қайталанатын және қайталанбайтын бірліктермен көрініс алады. Педагогикада көптеген құбылыстар педагогтың ішкі түйсігіне, яғни оның оқиғаны дұрыс зерттеу әрі қисынсыз ой қорытындысына лезде оң шешім қабылдау қабілетіне байланысты болып жатады. Өз кезегінде, ішкі түйсік тәрбиеленушінің психологиясын түсінуден туындаған нақты жағдайларға, білім мен тәжірибеге тәуелді болады. Педагогикалық әдіс-тәсілдерді ғылыми зерделеуде оларды эксперименттік тәжірибеден өткізудің маңызы зор. Балаларды тәрбиелеу туралы ғылым ретінде бастау алған педагогика даму процесінде кеңейтіліп, жеке тұлғаны дамыту, тәрбиелеу, оқыту, білім беру тәрізді түсініктерді қамтыды. Қазіргі таңда педагогика түсінігінің құрамына әлеуметтендіру және ізгілендіру терминдері енгізілді.

XX ғасырда білім беру педагогиканың жетекші категориясына айналды. Білім беру қоғамды дамытудағы басты факторлардың бірі болып отыр. Білім берумен адамның жүйелі білімді меңгеру мен трансляциялау процесі әрі соған байланысты тәжірибелік және танымдық қызметтердегі тәсілдер түсіндіріледі. Білім игеру технологиясы ағартушылық – алдыңғы буынның кейінгі толқын жастарға ақпаратты ауызша, жазбаша немесе электронды түрде жеткізу арқылы жүргізіледі. Білім беру ісіндегі белсенді таным түрлеріне: бақылау, тәжірибе мен оқу жаттығу диалогына ынталандыра отырып дамытатын білім беру орталарын құрудың маңызы зор. Білім беру ісі танымдық ісқимылдар арқылы жүргізіледі әрі негізгі, қосымша және өздігінен білім алу секілді салаларға бөлінеді. И.И. Тихомированың тұжырымдауынша, «мұның мақсаты – адамның дайын білімді пайдасына жаратуы үшін емес, сол білімнен жаңа құбылысқа қолжеткізу негізінде мотивациялар мен мүмкіндіктер жасау».

Тарихтан орын алып, қазіргі күнде де қолданыстан қалмаған мектептегі білім беретін оқу пәндерін саралау мен дифференциациялау озық білімге жетелеудің маңызды сапасы ретіндегі білім интеграциясының міндеттеріне сәйкес келмейді. Оқу пәндерін дифференциациялау өзінің құндылығын жоғалтты, соған қарай бүгінгі қоғамда ақпараттарға жылдам қол жеткізуге және сол ақпараттардың мөлшерін электронды технологиялар есебінен көбейтуге мүмкіндік туды. Сонымен, жалпы дүниені тануға әрі болашақта оны дамытуға мүмкіндік беретін білімді интеграциялау міндеті туындады. Ғалым А.Д. Урсулдың баяндауынша, оқу-ағарту білімді бағдарлаудан интегративтік-жалпы ғылыми деңгейге жету жолында дербестендіруге кетуі тиіс. Нақ осы интерактивтік жалпы ғылыми білім болашақта ХХІ ғасырдағы барлық ғылым мен білім берудегі тәжірибенің тірек негізіне айналады /30, 84-96 б./. Сан алуан жеткізгіштердегі интерактивтік ресурстарды жайғастырып, оларды тарату арқылы кітапхана мектептегі интерактивтік қызметті атқарып, білімді дифференциациялау шеңберінен шығып кетеді, осылайша білім беру жүйесінің ертеңгі күніне есік ашады.

Қазіргі таңда оқушыны тұлға ретінде дамыту траекториясымен қамтамасыз етуде мектеп кітапханаларындағы озық білім функциясы оқушылардың жобалық жұмыстарында барынша көрініс алды. Жоба жұмыстары инвариантты, оқушының шығармашылық қабілетіне бағытталған, сондайақ оқушының сабағына және өміріне мән-мағына береді. Осындай оқудағы белсенді көріністер оқушылардың пәнаралық білімдерін ассимиляциялауына, оқу-жаттығу мен әлеуметтік құзыреттерін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Өзара қызметтестіктегі жаңа бағыттардың бірі – жобалық жұмыстар кооперациясы. Педагогтар да, кітапханашылар да кең ауқымды жұмыстарды жүргізу үшін жобаларды жемісті пайдалануда. Егер күш біріктірілсе, аса айқын әрі сапалы нәтижелерге қолжеткізуге мүмкіндік туар еді.

Халықты әлеуметтік саулыққа тартуда кітапханалардың рөлі биік. Ақпараттық арағайын әрі құжаттық қорларда жинақталған білімді тұтастай игерген сұқбаттас ретінде кітапхана халықтың әлеуметтік саулығына қолдау көрсету құзыретіне ие. Қоғамның әлеуметтік саулығына қолдау көрсетудегі кітапхананың үлесі кітапхана оқырмандарының әлеуметтік құзыретін, өз бетімен білім алудағы және қайта бейімделудегі мотивациясын қалыптастыру мақсатындағы кітапханалық-ақпараттық қызметтің педагогикалық құрамдас бөлігі негізінде қамтылуы мүмкін.

Педагог-ғалым И.И. Тихомирова өзінің зерттеу еңбегінде атап көрсеткендей, педагогикадағы негізгі және ең күрделі категориялардың біріне «тәрбие» категориясы кірістіріледі.

Зерттеушілер мынадай дерекке назар аударады, 1990 жылдардан бастап «тәрбие» сөзі педагогикалық лексикадан шығарылып тасталды, сөздіктер мен анықтамалықтарда да еске алынбаған. Нәтижесін өмірдің өзі көрсетті: тәрбиеден айналып өтудегі әрекеттер, тәрбиені оқумен не білім берумен алмастыру – табыспен аяқталған жоқ. Тәрбиелеу кең мағынада алғанда қоғамның негізгі міндеттерінің бірі – жаңа буынға әлеуметтік-өнегелілік тәжірибелерін – өмірдегі құндылықтар жүйесін жеткізумен түсіндіріледі. Осы тұрғыдан тәрбиелеу әлеуметтендірумен бірлеседі. Педагогикамен шұғылданатын зерттеушілердің түсінігінше, тәрбие – бұл жеке тұлға ретіндегі, мәдениет субъектісі ретіндегі адамның сана-сезімі мен мінез-құлқына игі ықпалын тигізеді, бұл – құндылықтар жүйесі, қағидаттар, белгілі бір тәртіпке қалыптастыру мақсатында адамның сана-сезімі мен мінез-құлқына жасалатын ықпал. Тәрбие адам баласының адами мінез-құлқын, оның дүниеге, көпшілік халыққа, тіпті өзіне деген көзқарасын қалыптастырумен қамтитын сананың ерікті әрі эмоциялық аясы арқылы жүзеге асырылуымен ерекшеленеді. Интегралдық процесс іспетті тәрбиелеу процесі кішкене баланың сана-сезімін толығымен жетілдіреді, мұның негізіне баланы қоғамда өмір сүруге қабілетті ететін әрі оның дамуына қатысатын эмоциялық сезімталдық жатады. Сонымен қатар, тәрбие өнер арқылы, арман-қиял арқылы бір субъектінің басқалармен байланысу формаларына айналатын қарым-қатынас процесстері негізінде туындайды.

Кітапханалардағы маңызды педагогикалық артықшылыққа қандай да бір қыспаққа қарамай, оқырмандармен бейресми, еркін, жеке-бағдар бойынша қарым-қатынас жасау мүмкіндігі жатады. Осындай қарым-қатынастың мәнмаңызы кітапқа негізделуіне келіп тіреледі. Сөредегі үнсіз кітаптарға кітапханашының қолында тіл бітеді және ол кітапханаға келген адамды толғандырған мәселелер туралы сөйлейді. Жақсы кітап оқырманның ғажайып өмірге деген құлшынысын оятып, оған өзін адам ретінде сезіндіріп, өзі және айналасындағы адамдар туралы ойлануға жетелеп, дүниеге деген ігілік қарымқатынасын нығайтады да құпия түрде серттеседі.

Кітапханалық педагогиканың маңызды бір бөлігі – оқу, яғни оқушыларды сан алуан дереккөздерден қолданыстағы тәсілдермен қажетті ақпараттарды іздестіруге дағдыландырып, шеберлікке баулу. Бұл міндет ақпараттық мәдениет және оқу мәдениеті: кітап таңдау, нақты мәселе бойынша энциклопедиялар, анықтамалықтар, кеңестерді пайдалану шеберлігі, кітаппен жұмыс жасау, ақпараттар іздестіріп, пайдалану жүйесін үйрену жөніндегі кітапханалық сабақ әдістерімен жүзеге асырылады. Кітапханалық сабақ

жүйесіне сан алуан әдебиеттер оқуға деген ынта-ықыласты арттырату әрі оған қолдау көрсету де жатады. Сан алуан ақпараттар дереккөзін пайдалануға балаларды қатыстыра отырып, кітапханашылар балалардың оқуына көмектесетін әмбебап оқу әрекеттеріне оқушыларды дағдыландырады.

Кітапханалық қорларда отандық және әлемдік көркем әдебиеттердің болуы кітапхананың өз мүмкіндіктерін тәрбиелік мақсатта кеңінен пайдалануына жағдай жасалады, ал бұл оқырманның жеке басының адамгершілік мінез-құлқымен, үздік көркем әдебиеттерге қызықтыру, бейнелі қабылдау (дауыстап оқу, сұхбаттасу, талқылау, пікір білдіру) қабілеттерін дамытумен қамтиды. Мұндай тәрбиелік шараларды өткізе отырып, оқырманның селқос ұстанымы белсенділікке, шығармашылдыққа ауысады. Мәтінді талдауға әрі түсінуге бағытталған әдебиеттерді мектепте зерделеуден айырмашылығы мектеп оқушыларының қызығушылығынан шығатыны, кітапханашы қандай да бір туындылар туралы әңгіме барысында балалардың мүддесін негізге алады, олардың қабілетімен әдеби қаһармандарға қуанады, қайғысына елжіреді, қылмыс жасаса зәресі қалмай қорқады, жақсы амаләрекеттерге шаттанады. Шығармаларда сипатталған өмірлік қағидаттар – ақиқат пен жалғандық, төзімділік пен төзімсіздік, алдауарбау мен оны жеңіп шығу, адалдық пен сатқындық, мейірімділік пен қатыгездікті өздігінен немесе кітапханашының көмегімен шеше отырып, оқырман білгілі бір қорытындыға келеді. Кітап мәтініне эмоционалды қатыстылық ескертілген осы дилеммалар көркем туындылар туралы балалармен әңгімелесу үшін сұрақтарға негіз болады. Мәселенің мақсаты – оқырмандардың аяушылық сезімін көтеріп, олардың жеке тәжірибелерімен әдеби қаһармандардың мінез-құлық тәжірибелерінің арақатынасын белгілеу.

Кітапханадағы «жоғары адамгершілікке негізделген қарым-қатынас» балаларды тәрбиелеуге септеседі. Бұл ресми стандартталған, мектептік-дәрістік қарымқатынастардан тым бөлек. Кітапханалық қарым-қатынастың ерекшелігі оның қолындағы кітабы арқылы жүзеге асуында, ерікті түрде басталады және әрдайым жеке тұлғаға бағдарлануына қарай құрылады. Оқырмандармен байланыс жасау барысында кітапханашы оқушылардың белгілі бір тобын, сондай-ақ мәдениет субъектісін және қоғамдық қарым-қатынастарды көреді. Психология мен мәдениеттанудағы «қарым-қатынас» және «байланыс» терминдеріне тән тәсілдерді зерттей отырып, п.ғ.к., профессор, ХАА академигі С.А. Езова осы құбылыстарға, бір-бірін жоққа шығаруға дейінгі көзқарастардың жан-жаққа шашырағаны жайлы қорытындыға келді. Ғалымның есебінше, субъектілі-объектілі қарым-қатынастарға негізделген сөздік (ауызша) сипатындағы коммуникацияның қыр-сырын көрген ғалымдардың пікірі барынша сенімді болады. Кітапханашы осы ақпаратты алатын оқырманға хабарлайды. Қарым-қатынастың байланыстан ерекшелігі – бұл екі қатысушы да сұхбаттасуға теңдей белсенділік танытатын субъектіліобъектілі қарым-қатынастар. ЮНЕСКО-ның құжаттарына сілтеме жасай отырып,

С.А. Езова адамдардың, ең алдымен, сұхбаттасу сипатындағы қарым-қатынас жасау орталығына кітапханалардың трансформациялану үрдісіне айрықша назар аударады.

Кітапханадағы педагогикалық қарым-қатынас тақырыбына Н.В. Клименкованың да мақаласы арналыпты. Оның көзқарасы бойынша, кітапханадағы қарым-қатынас – бұл оқуға, қажетті әдебиеттерді іздестіріп, оқығанды талқылауға негізделген өзара қарым-қатынас жасаудың арнайы формасы. Бұл қарым-қатынас формасында кітапханашы функционалдық рөлде ғана емес, өзінің құндылықты бағдарлауымен, мақсат-мүдделерімен өзіндік тұлға ретінде көзге түседі, сонымен қатар оның оқырмандармен қарым-қатынасы іскерліктен жеке байланысты бөліп алып, олардың арасына кенеттен шектеу жүргізу өте қиын.

Кітапханалық қарым-қатынастың тәрбиелік әлеуеті оқитын баланың сана-сезімін оятып, өмірінде өзекті деген сұрақтарына жауап іздестіру көзделген. Мұның бәріне өнегелі адамдар өміріндегі ғибратты мысалдар мен сол тұлғалар туралы кітаптар көмекке келеді. Егер кітапханалық құралдар арқылы балаларды дамыту мүмкіндігі туралы

баяндайтын болсақ, онда ол балалардың психологиялық және басқа да ерекшеліктеріне сәйкес, жасы ұлғайған сайын күрделене түсетін кітап қорларын құрумен қамтамасыз етіледі. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай дамуының есебінен, мектепке дейінгілерден бастап жасөспірімдердің де оқудағы озық репертуарларын айқындайтын ұсыныстық библиография әзірленеді.

Толеранттылықпен өзара байланысты компонентке кітапханалық гуманизм жатады, кітапханатанушығалым А.В. Соколовтың пікірінше, бұл гуманистік құнды дереккөздерден құралған кітапханалық ресурстарды қалыптастыру қамтылған дүниетанымдық кешен. «Суть гуманистической миссии библиотек заключается в утверждении в общественном сознании гуманистических универсалий культуры и активном противостоянии всем проявлениям дегуманизации общества. Библиотечная деятельность, нацеленная на выполнение гуманистической миссии, представляет собой библиотечный гуманизм. Таким образом, гуманистическая миссия и библиотечный гуманизм неразрывно связаны друг с другом и предполагают друг друга. Библиотечный гуманизм – такая система профессиональной библиотечной деятельности, когда библиотека представляет собой рационально и эстетически обоснованный социально-культурный центр гуманистической книжности со свободным доступом к его документным фондам локальных и удаленных пользователей и диалоговым субъект-субъектным общением читателей и сотрудников библиотеки». Осылайша, кітапханашының міндеті – белгілі бір ресурстарға еркін қолжеткізумен қамту, соған бағыттау, сонымен қатар талқылау, ойлаластыру жолдарымен белсенді түрде түсінуге септесіп, ынталандырудың басқа үлгілері мен оқырмандардың талдап түсінуіне қолдау көрсету. Демек, кітапханалық гуманизм – бұл дүниетанымдық кешен ғана емес, сонымен қатар кітапханаларды тұтастай алғанда ізгілендіру қызметі әрі тұлғааралық қарым-қатынас жасаудың мәдени орталығы ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін әдістемелік кешен.

Кітапхананың педагогикалық рөліне көз жеткізе келе мектеп кітапханасының мәртебесін кітапханашы-педагог ретінде тануымыз қажет. Ескеретін жайт, бұл туралы кітапхана қызметкерлері де, мектеп кітапханашылары да бірнеше жылдар бойы ескертіп келеді. Бұл мәселе жоғары оқу орындары мен колледждердегі кітапханалық пәндерді оқыту барысында да туындады. Бұл маманның жүйелі ойлауын талап ететін бірлестірілген әрі әмбебап мамандық, кітапхана қызметіндегі нақты тәжірибені ашып көрсетеді. Бұл кәсіпке білім беру, оқыту, тәрбиелеу және дамыту міндеттері, сондай-ақ оқуға шақыратын сан алуан шығармашылық іс-әрекеттегі оқырманның шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру қабілеті өзара байланыса біріктірілді.

Ү. Д. МҰҢАЛБАЕВА

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының басшысы